

Шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Петровка ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 67 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 23 желтоқсанда № 6845 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабы 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабы 8) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 26 қазандағы № 10-14/273 ұсынысы негізінде, Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Петровка ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Петровка ауылдық округінің Бірлік ауылында орналасқан "Есильсельхозпродукт" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің және "Ернар" шаруа қожалығының аумағында ірі қара мал бруцеллезінің ошағын жою бойынша ветеринариялық іс-шаралар кешенінің жүргізілуіне байланысты шектеу іс – шаралары тоқтатылсын.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Петровка ауылдық округі әкімінің "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2020 жылғы 27 шілдедегі № 16 шешімінің күші жойылды деп танылсын (2020 жылғы 30 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6465 болып тіркелген).

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі

О. Қонқабаев